

**Бекітімін**  
**«Т.Есетов атындағы №264 мектеп – лицей» КММ директоры**

**Б.С. Гумурзасев**



**Дефектолог-мұғалім Төребеков Нұрсәттің лауазымдық міндеттері**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Еңбек кодексіне, «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы (ҚР БFM 2009 жылғы 13 шілдедегі қосымшалармен және өзгерістермен №338 бұйрығы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздагы № 121 бұйрығы, «Білім беру үйимдарында психологиялық-педагогикалық қолдан отыру қагидаларын бекіту туралы» (ҚР БFM 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы) бұйрықтарға сәйкес әзірленген.

1.2. Арнайы педагог (дефектолог-мұғалім, дефектолог, логопед-мұғалім, логопед, олигофренипедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) қызметке Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей басшысының бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын мамандар санатына жатады.

1.3. Арнайы педагог Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің аясында (ары қарай ППҚ) тікелей инклузивтік білім беруді үйлестірушіге немесе Қолдау қызметінің басшысына бағынады.

1.4. Арнайы педагог Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қызметкері болып табылады және онда пәнаралық негізде жұмыс істейді.

1.5. Арнайы педагог қызметіне «Дефектология» мамандығы бойынша жогары педагогикалық білімі бар маман тағайындалады.

**1.6. Арнайы педагог өз қызметінде мына құжаттарды басшылыққа алады:**

- Бала құқықтары туралы конвенция;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы;
- ҚР «Білім туралы» Заңы;
- ҚР әлеуметтік және инклузивтік білім беру мәселелері бойынша заңнамасы;
- Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің жарғысы;
- Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің енбек тәртібінің ережелері;
- Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейі басшылығының бұйрықтары мен үкімдері;
- енбекті қорғау, қауіпсіздік ережелері және өрттен сактану ережелері мен нормалары;
- осы лауазымдық нұсқаулық;
- енбек шарты.

**1.7. Арнайы педагог төмендегі мәселелерді білуі керек:**

- Қазақстан Республикасының Конституациясын;
- БҰҰ балалар құқығы туралы конвенциясын;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңдарды және инклузивтік білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік актілерді;

1.8. Арнайы педагогтің жалақысы оның білімі мен біліктілік деңгейіне сәйкес есептеледі.

1.9. Арнайы педагог Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицеї басшысының бекіткен **16 сағаттық жұмыс аптасынан** құрылатын қалыпты жұмыс күні тізімінде кесте бойынша жұмыс істейді.

## 2. Қызыметтері

Арнайы педагогке төмендегі қызыметтер жүктеледі:

2.1. Білім алушының физикалық, психикалық, сойлеу тілі, неврологиялық мәртебесін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асыру, сойлеу және психофизикалық дамуын тексеру, құжаттаманы жүргізу және талдау;

2.2. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдары мен Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызыметін жоспарлау және жүзеге асыру;

2.3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен дамытушылық жұмысты жүзеге асыру;

2.4. Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жеке оқу бағдарламасы және жеке-дамыту бағдарламаларын әзірлеу, әртүрлі білім беру жағдайларында мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру;

## 3. Дауазымдық міндеттері

Арнайы педагогтің міндеттері:

3.1. Кәсіптік әрекетін өзінің құзыреттілігінің аясында жүргізу.

3.2. Мүмкіндіктері шектеулі окушыларга психологиялық жайлы және қауіпсіз жағдай тудыруға көмектесу. Түзете білім беру үдерісінде окушылардың өмірі мен денсаулығын сақтаумен қамтамасыз ету.

3.3. Мүмкіндіктері шектеулі окушыларды тексеру, олардың дамуындағы ауытқышылықтарының құрылымы мен байқалу айқындығын анықтау, тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау және оларды рұқсат етілетін көлемде ата-аналарына және педагогтарға (окушылар дамуындағы мәселелерде және оларды женүде бағдарлау мақсатында) жеткізу.

3.4. Түзете жұмысының міндеттерін, формасын, тәсілдерін анықтау, бастапқы зерделік немесе сенсорлық бұзылыстардың салдарынан туындауы мүмкін туынды бұзылыстардың алдын алу, окушылардың дамуындағы жүйкелік-психикалық ауытқышылықтарды жену, зерделік және сенсорлық бұзылыстарды барынша түзетуге бағытталған жеке даму бағдарламасы аясындағы түзете дамыту жұмысын жүргізу.

3.5. Балаларды ПМПК-ке, психологиялық, медициналық орталықтарға (қажет болған жағдайда) жіберу.

3.6. Сабак өткізу үшін мүмкіндіктері шектеулі окушыларды психофизикалық, сенсорлық және зерделік жағдайын, олардың жас шамасын есепке ала отырып, топтарды жинақтау.

3.7. Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицеїнде жүргізілетін қолдау үдерісі мен түзете білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің (әкімшілік, педагогтар ұжымы, ата-аналар) және оқушылардың арасында делдал болу.

3.8. Мүмкіндіктері шектеулі окушылардың заманауи білім беру кеңістігінде бейімделу жобаларын жүзеге асыру саласындағы Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицеїнің болжалдық мүмкіндіктерін талдау.

- тексеру нәтижелерін тиісті формаларда құжаттайтын;

- зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды;

- оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жасайды;

- оқушылармен жеке және топтық сабактар жүргізеді;
- мұғалімдерге, ата-аналарға кеңес береді;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру нәтижелерінін мониторингін жүзеге асырады;
- әлеуметтік серіктестермен өзара қарым-қатынас жасайды

### **3.9. Болжау, жоспарлау және үйымдастыру:**

- мүмкіндіктері шектеулі балалармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламаларын ресурстық қамсыздандыру;
- педагогтардың арнайы педагогика және психология саласындағы кәсіптік құзыретін жоғарылату бойынша шаралар;
- мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың ата-аналарын түзете жұмысыныңдерісі, мазмұны мен табыстылығы туралы хабардар ету;
- окуда киындықтары бар балалар туралы ақпаратты жинау және қорландыру;
- оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасын жүзеге асыруды мониторигілеу жүйесі;
- мектеп практикасындағы инклузивтік білім беру саласындағы қабылданған шешімдерді орындау.

### **3.10. Эзірлеу және пайдалану:**

- оқушылардың даму бұзылыстарын жеңуге бағытталған түзете дамыту жұмысының апробацияланған және авторлық бағдарламасын, сабактар циклын;
- мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды кешенді түрде тексеру мен қолдаудың жеке бағдарламаларын;
- мектеп және жаңуя жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі оқушылармен жұмыс бойынша педагогтарға, мамандарға және ата-аналарға арналған ұсынымдар.

3.11. Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің және жаңуялық тәрбиелеу жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың бұзылыстарын жеңу бойынша түзете жұмысының міндеттері мен ерекшеліктері туралы хабарлау мақсатында білім беру үдерісіне қатысуышылармен (педагогтар мен ата-аналар) кеңес беру жұмысын жүргізу.

### **3.12. Қатысу:**

- әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік жұмыстың басқа түрінің әрекеттеріне;
- тәжірибелік-эксперименталдық әрекеттерге;
- Педагогтар кеңесіне, ППҚ қызметтінің отырыстарына;
- Ата-аналар үшін өткізілетін шараларға (жиналыстар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер және т.б.).

3.13. Балаларды тексеруге және түзете-дамыту жұмыстарын жүргізуге арналған көрнекі құралдар мен материалдар.

3.14. Қажетті құжаттамаларды, аналитикалық-статистикалық есепті (тексеру мен жүргізілген түзете сабактарының нәтижелерін бейнелейтін, берілген формадағы жылдық есепті құру) қабылданған формада ресімдеу және жүргізу, ПМПқ үшін балаларды тексеру және түзете жұмысы нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау.

3.15. Өзінің кәсіптік жұмысын орындағанда Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің жарғысын, еңбекті қорғау ережелері мен нормасын сактау, қауіпсіздік техникасын, санитарлық және өртке қарсы ережелерді, еңбек тәртібін, еңбек тәртібінің ішкі ережелерін орындау.

## **4. Құқықтары**

### **Арнайы педагогтің құқығы:**

4.1. Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің әкімшілігінен өзінің лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындауға, кәсіпптік міндеттерін табысты орындауға қажетті жағдай туғызууды;

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің директорынан өзінің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттар мен құжаттарды талап ету.

#### 4.5. Қатысу құқығы:

- Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеуге, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын құруға және жоспарлауга;
- сәйкес келетін нормативтік құжаттарды (ППҚ қызметінің атқарымы, құзыреттілігі, міндеттері, жауапкершілігі туралы ережелер) әзірлеуге;
- арнаулы педагогтардың қалалық және облыстық семинарларына, жиналыштарға, гылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысуга.

4.6. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, гылыми және белгілігүйліми басылымдарда жариялану.

4.7. Көсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу.

### 5. Жауапкершілігі

#### 5.1. Арнаулы педагог мына жұмыстарға жауапты болады:

- тәрбиелеу-окыту үдерісінде еңбек тәртібін, өнеркәсіптік санитария және өрттен сақтану ережелерін, еңбекті қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауга;
- баланың құқығы мен еркіндігінің бұзылғандығы үшін;
- түзете білім беру үдерісін жүргізу кезінде баланың өмірі мен деңсаулығы үшін;
- құжаматтама жүргізу және оны сақтау;
- тексеру кезінде алынған материалдар мен мәліметтердің құпиялышының сақтау;
- баланы тексеру кезінде (өзінің құзыретінің аясында) негізделмеген тұжырымдама жасау, оның салдарынан баланың дене және психикалық деңсаулығының нашарлауы және әрбір баламен жүргізілетін түзету жұмысы нәтижесінің төмөндеуі үшін;
- оқу жоспарына және оқу үдерісінің кестесіне сәйкес түзете білім беру бағдарламасын толық көлемде жүзеге асырылмағаны үшін.

### Құжаттама

1. Жылдық жұмыс жоспары;
2. Жұмыс уақытының циклограммасы;
3. Арнаулы педагогтің әрбір балага жасалған педагогикалық диагностика нәтижелері (жетістіктер карасы);
4. ЕББҚ ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары;
5. Жеке-дара және топтық сабактардың болжалды жоспары(негізгі пәндер бойынша жеке оқу бағдарламалары немесе бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары);
6. Оқушылармен жеке-дара және топтық сабактардың күнделікті жоспары;
7. Балалардың түзету сабактарына қатысуын есепке алу журналы;
8. Балалардың жеке дәптерлері;
9. Ата-аналармен жұмыс жоспары;
10. Мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыс жоспары;
11. Жыл бойғы істелген жұмыс туралы есеп;
12. Кабинеттің паспорты.

Нұсқаулықпен таныстырылды

(қолы)

3.09.2024 ж

(күні)